

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2015







2015 жылдың қазан айында Куала-Лумпур қаласында (Малайзия) өткен Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының (IADI) 14-ші Жалпы жылдық жиналысында Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры «Салымшыларға кепілді өтемді төлеу және проблемалы банктердің дәрменсіздігін реттеу саласындағы жетістіктері үшін» номинациясы бойынша «2015 жылдың Депозиттерді сақтандыру ұйымы» деген беделді марапатқа ие болды.

IADI Қордың салымшылармен есеп айырысуды ұйымдастыру үрдісінің тиімділігі; өтем төлеуді реттейтін заңнаманың жетілгені; кепілді өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібін; сонымен қатар Қордың екінші деңгейдегі банктердің салымшы жеке тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауға дәрменсіздігін реттеу үрдісін үйлестіруге өкілеттігі туралы жеткен жетістіктерін атап өтті.

Әсіресе Қордың мейілінше қысқа мерзім ішінде «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларының басым бөлігіне қосымша кепілді өтемнің ең жоғарғы сомасының 700 мың теңгеден 5 миллион теңгеге дейін арттыру арқылы теңдесі жоқ, әлемдік тәжірибеде болып көрмеген жеткен жетістігі айтарлықтай жоғары бағаға ие болды.

МАЗМҰНЫ

ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4
ҚОР ТУРАЛЫ	6
2015 ЖЫЛҒЫ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ	10
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ШОЛУ	14
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	16
ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР ЖАРНАЛАРЫНЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ	20
КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУГЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ РЕЗЕРВ	22
АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ	26
КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ	30
МӘЖБҮРЛЕП ТАРАТЫЛАТЫН БАНКТЕРДІҢ ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ	34
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ	38
ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ	40
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ	44
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	46

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АҚ	Акционерлік қоғам
ДКБЖ	Депозиттерге кепілдік беру жүйесі
Қатысушы банктер	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер
ҚҚҚ	Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы
Қор	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Ұлттық Банк	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
IADI	Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы, International Association of Deposit Insurers

ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ҚҰРМЕТТІ ҰЖЫМДАСТАР МЕН ӘРІПТЕСТЕР!

Өткен жылы қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесінің құрылғанына 16 жыл болды. Аталған жыл айрықша оқиғаларға толы болды. Негізгі оқиғалардың бірі – Елбасымыздың 2015 жылдың сәуір айының соңында Қазақстан Республикасының «Сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қоюы еді. Осы Заңға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде орналастырылған ұлттық валютадағы жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілді өтемнің ең жоғарғы сомасы 5 миллион теңгеден 10 миллион теңгеге дейін артты. Бұл шара Қазақстан экономикасын долларсыздандыруға және халық жинақтарын ұлттық валютада сақтаудың тартымдылығын арттыруға бағытталған Ұлттық Банктің және Үкіметтің бастамасы шеңберінде жүзеге асырылды.

Сонымен қоса, 2015 жылы шілденің ортасында Қазақстан Президенті «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына қалдық сомалары мөлшерінде 5 миллион теңгеден аспайтын қосымша өтем төлеуді қарастыратын депозиттері бойынша Қазақстан Республикасының «Меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Қор банк салымшыларының белсенді тобымен бірлесе отырып аталған Заң жобасын дайындап, әзірлеуге белсене атсалысты. Аталған Заңға сәйкес депозиттерге кепілдік берудің әлемдік тәжірибеде болып көрмеген жұмыс дағдысы

енгізілді, «Валют-Транзит Банк» АҚ-дағы депозиті 700 мың теңгеден асатын әрбір салымшыға Қордың арнайы сақтық қорынан (қаражаттарынан) қосымша кепілді өтем төленді. Есеп жылының 10 тамызынан 21 желтоқсанына дейінгі аралықта қосымша кепілді өтем «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның 4 мыңға жуық салымшыларына, немесе олардың жалпы санының 80%-на төленді. Аталған шараны енгізу арқылы қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті басуға және халықтың отандық банк секторына деген сенімін айтарлықтай нығайтуға септігін тигізгенін айта кеткен жөн.

Қордың жетістіктері есеп жылының қазан айында Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығы тарапынан жоғары бағаланды. Қор Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығының 14-ші Жалпы жылдық жиналысында «Салымшыларға кепілді өтемді төлеу және проблемалы банктердің дәрменсіздігін реттеу саласындағы жетістіктері» номинациясы бойынша «2015 жылдың Депозиттерді сақтандыру ұйымы» беделді марапатына ие болды.

2015 жылдың 20 тамызында белгілі болғандай, Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып инфляциялық шектеу (таргеттеу) режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүзеге асыру үшін, сондай-ақ Ұлттық Банктің алтын-валюталық резервін сақтап қалу және отандық экспортты қолдау мақсатында ұлттық валютаның еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшу туралы шешім қабылдады.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президентінің тапсырмасын орындау үшін, айырбас бағамының өзгеруіне орай халық шығынын төмендету және 2015 жылдың 18 тамызына дейінгі аралықта теңгеде ашылған, сомасы 1 миллион теңгеден аспайтын жеке тұлғалардың мерзімдік депозиттерін өтеу механизмін енгізу мақсатында Ұлттық Банк осындай депозиттер бойынша өтем төлеу тәртібін бекітті.

Есеп жылының тамыз-қыркүйек айларында Қордың айырбас бағамын өтеуге бағытталған осы механизмді әзірлеуге және бағамдағы айырманы төлеу тәртібіне бел-

сене қатысқаны туралы айта кету керек. Қор бағамдық айырманы өтеуге байланысты сұрақтар қаралған Ұлттық банктің жұмыс тобының мәжілістеріне және аталған мәселе бойынша Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының алаңында өткен кездесулерге де белсене қатысты.

Қордың операциялық қызметі бойынша қаржылық есептілікке келетін болсақ, 2015 жылдың соңында Қордың 70% Жарғылық капиталын есепке алмағандағы төлемдерге арналған арнайы резервтің көлемі 270,1 миллиард теңгені құрады, соның ішінде 170,1 миллиард теңге (63%-ға жуығы) қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының балансы болып табылады. Қор есеп жылының қорытындысы бойынша 76 миллиард теңге шамасында жиынтық табысты тіркеді. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4 есеге артық. Жиынтық табыстың мұншалықты өсуі 2015 жылдың екінші жартыжылдығында АҚШ долларының ұлттық валютаға қатысты нығаюының салдарынан болып отыр. Қор активтерінің ағымдағы жиынтық құны есепті жылы 107,3 миллиард теңгеге, немесе 26%-ға жуық артты. Тарату өндірісі үрдісінде екі банктің тарату комиссиялары жалпы сомасы 9,5 миллиард теңгені құрайтын Қор алдындағы міндеттемелерді жапты.

Келешекте отандық депозиттерді сақтандыру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру, қазақстандық заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ әлемдік озық тәжірибені ескере отырып Қордың бизнес-үрдістерін және тәртіптерін оңтайландыру және жеделдету бойынша Қор Ұлттық банкпен, міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктерімен, Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығымен, сонымен қатар Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығымен тығыз әріптестігін жалғастыра бермек.

Құрметпен,
Бақыт Қоғылов

*Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қорының Төрағасы*

ҚОР ТУРАЛЫ

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Халықтың банктік депозиттерін қорғалуын қамтамасыз ететін механизмін дайындау Қазақстан және оның банк жүйесі үшін 1998 жылғы әлемдік қаржылық дағдарыстан кейін маңызды мағынаға ие болды. Осылайша, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығының 1-ші Конгресінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау бойынша жүйелі шаралар кешенін әзірлеуді және оны жүзеге асыруды ұсынды. Осы шаралардың негізінде халықтың депозиттеріне ұжымдық сақтандыру жүйесін құру көзделді.

Нәтижесінде, 1999 жылдың қараша айында Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры құрылды. Қордың жалғыз акционері әрі құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады. Қор коммерциялық емес ұйым болып табылғандықтан, өз акциялары бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді.

МИССИЯСЫ

Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақты болуына септігін тигізу мен халықтың кепілдендірілген депозиттеріне қоғамдық сенім тудыру әрі қорғау.

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығының негізін қалаушы қағидаларына сәйкес тұрғындардың банктегі жинақтарының сақталуына сенімділігі мен жалпы елдің банк жүйесіне сенімділігін сақтауға арналған Қазақстанның депозиттерін кепілдендіру жүйесінің жоғары сападағы жұмысын қамтамасыз ету.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

- ▶ 2030 жылға дейін қаржы секторын дамыту Тұжырымдамасын депозиттерге міндетті кепілдік беру саласында заңнаманы, соның ішінде Қорға проблемалық банктерді тарату және олардың дәрменсіздігін реттеу жөніндегі функцияларын заңды түрде бекіту бөлігінде жетілдіру арқылы жүзеге асыру (Қор құзыреттері шегінде).
- ▶ Қор банктердің мәжбүрлеп таратылған жағдайда оның депозиторларына кепілдік берілген өтемді уақытылы және дұрыс төлеу бойынша өзінің негізгі функцияларын орындауға шұғыл әзірлігін қамтамасыз ету.
- ▶ Қордың арнайы резервін толықтыру және Қордың қаржылық тұрақтылығын арттыру механизмдерін жетілдіру.
- ▶ Дәстүрлі және исламдық банктерде орналастырылған депозиттер, сондай-ақ сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша кепілдік беретін қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау интеграциялық жүйесін (Integrated Protection Scheme) енгізу мәселесін анықтап алу.
- ▶ Заңды тұлғалардың жекелеген санаттарының ағымдағы шоттарына кепілдікті тарату (шағын бизнестегі әлеуметтік – мәнді топтары).
- ▶ Қор қызметіндегі тәуекелдерді талдауды және бақылауды күшейту.
- ▶ Депозитторлардың хабардар болуын арттыруға, сондай-ақ олардың депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қызмет ету қағидаларын түсінуіне бағытталған жұмысты күшейту.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

- ▶ Қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда оның депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеу;
- ▶ Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастыру;
- ▶ Қор активтерін инвестициялық басқару;
- ▶ Қатысушы банктердің кепілдік берілетін депозиттер бойынша автоматтандырылған дерекқорын жүргізу жөніндегі талаптар бекіту, сондай-ақ Қосылу шартында қарастырылған Қордың бірыңғай талаптарына қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған дерекқоры есебін жүргізу бойынша кейінгі сәйкестігін орнату;
- ▶ Қатысушы банкті консервациялау кезеңінде уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- ▶ Қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- ▶ Мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы және кредиторлар комитетінің құрамына қатысу;
- ▶ Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізілімін жүргізу;
- ▶ Конкурстық негізде кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент банкті таңдау.

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

- ▶ Жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауды, банк шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу міндеттілігі;
- ▶ Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің айқындығын қамтамасыз ету;
- ▶ Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді азайту;
- ▶ Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастырудың жинақтаушы сипаты.

КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМ СОМАСЫ ЖӘНЕ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасы әрбір салымшыға бір банк бойынша ұлттық валютадағы депозиттер бойынша 10 миллион теңгені және кез-келген шетел валютасындағы депозиттер бойынша 5 миллион теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған жеке тұлғалардың барлық депозиттері кепілдік беру объектілері болып табылады, талап етуге дейінгі пайызсыз депозиттерді және ислам банктерінде орналастырылған инвестициялық депозиттерді қоспағанда.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҚПЕН ЖҰМЫС

Қор 2003 жылдан Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің Халықаралық қауымдастығының (IADI) тұрақты қатысушысы болып табылады.

Қазіргі таңда Қор IADI-дың екі аймақтық комитетіне кіреді: Еуразиялық аймақтық комитет және Азия-Тынықмұхиттық аймақтық комитетіне, сонымен қатар мынадай бірнеше комитетке кіреді:

- ▶ Зерттеулер мен басқару бойынша комитет;
- ▶ Тренингтер мен конференциялар бойынша комитет;
- ▶ Қаржы институты қамтымаған комитеттерді реттеу бойынша комитет;
- ▶ Қаржы институты қамтымаған комитеттерді реттеу бойынша комитет;
- ▶ Коммуникация және IADI қатысушыларымен жұмыс істеу бойынша комитет;

Одан басқа Қор Зерттеулер мен басшылық Комитетінің шағын комитеттеріне кіреді:

- ▶ Р&А операцияларын жүргізу бойынша шағын комитет;
- ▶ Проблемалық банктердің міндеттемелерінің қайта жүргізу бойынша шағын комитет;
- ▶ Депозиттерді сақтандыру ұйымдарының қатысушы банктердің ликвидациялық массасынан шығын орнын толтыру бойынша шағын комитет;
- ▶ Депозиттерді сақтандыру ұйымдарының арнайы қорының мақсатты деңгейі бойынша шағын комитет, сонымен қатар исламдық депозиттерді сақтандыру бойынша жұмыс тобы мен депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі принциптерін қайта қарау жөніндегі басқарушы комитетке кіреді.





2015 ЖЫЛҒЫ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

2015 жылдың 27 сәуірінде Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (әрі қарай – Заң) қол қойды. Бұл Заңға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде ұлттық валютада орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасы 5 миллион теңгеден 10 миллион теңгеге дейін артты.

2015 жылдың 17 шілдесінде Қазақстан Республикасының Президенті «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына қосымша өтем төлеуді қарастыратын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды. «Валют-Транзит Банк» АҚ-дағы депозиті 700 мың теңгеден асатын («Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату туралы шешім күшіне енген күнгі кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасы) әрбір салымшыға есебіне жазылған сыйақысыз депозит бойынша қалдық сомасы мөлшерінде қосымша кепілдік берілген өтем төленеді. Төленетін кепілдік берілген өтемнің жалпы сомасы бір салымшыға шаққанда 5 миллион теңгеден аспайды.

ДЕПОЗИТТЕРГЕ МІНДЕТТІ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

«Темірбанк» АҚ және «ABC Bank» АҚ (бұрынғы атауы «ForteBank» АҚ) «ForteBank» АҚ-на (бұрынғы атауы «Альянс банк» АҚ) ерікті түрде қосылып, қайта ұйымдастыру нәтижесінде екі қатысушы банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығарылды.

Жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банкшоттарын ашу мен жүргізуге лицензиясын уәкілетті органға ерікті түрде қайтаруына байланысты «БТА Банкі» АҚ депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығарылды.

«Банк Астана-финанс» АҚ атауы - «Астана Банкі» АҚ болып өзгертілді.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі 35 банк ішінен 34 банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылады («Al-Hilal» Ислам банкі» АҚ есептемегенде).

КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ ҮШІН АГЕНТ БАНКТІ КОНКУРСТЫҚ НЕГІЗДЕ ТАҢДАУ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кепілдік берілетін депозиттер бойынша 5 миллион теңге мөлшеріндегі кепілдік берілген өтемді төлеу 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2012 жылдың 1 қаңтары аралығында мәжбүрлеп таратылатын банктердің салымшылары - жеке тұлғаларына, яғни «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшылары - жеке тұлғаларына таралады.

Аталған құжат заңды күшіне енген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде Қор республикалық «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттеріне, сонымен қатар Қордың ғаламтор парақшаларында 2015 жылдың 10 тамызынан бастап төлемдердің басталуы туралы, агент банктің таңдауы бойынша бекітілген тәртіпте өткізілген конкурс нәтижесі бойынша кепілдік берілген өтемді төлейтін агент банктің атауын – «БанкЦентр Кредит» АҚ, кезеңін және төлем орнын көрсете отырып жариялау арқылы хабардар етті.

ЕРКІН АЙЫРБАС БАҒАМЫ РЕЖИМІНЕ ӨТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДА (ТЕҢГЕДЕ) АШЫЛҒАН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ БОЙЫНША ӨТЕМ АҚЫНЫ ТӨЛЕУ

2015 жылдың 20 тамызында экономикалық саясаттың кейінгі шаралары бойынша кеңесте берілген Қазақстан Республикасы Президентінің айырбас бағамының өзгеруіне байланысты халық шығындарын азайту және 2015 жылдың 18 тамызына дейін теңгеде ашылған, шоттағы қалдығы 1 миллион теңгеден аспайтын жеке тұлғалардың мерзімді депозиттерін өтеу механизмін енгізу туралы тапсырмасын орындау мақсатында Ұлттық Банк еркін айырбас бағамы режиміне өтуге байланысты ұлттық валютада (теңгеде) ашылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы төлеу тәртібін орнатты. Кейінірек аталған тәртіпке өтем төлеуді ұйымдастыруды нақтылайтын түзетулер енгізілді. Қор 2015 жылдың тамыз-қыркүйек айларында мөлшері 1 миллион теңгеге дейінгі жеке тұлғалардың теңгедегі

салымдары бойынша бағам айырмасын өтеу бойынша механизмді дайындауға белсене қатысты. Атап айтсақ, Қор Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының 2015 жылдың 21 тамызындағы №371 «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ашылған жеке тұлғалардың мерзімді депозиттері бойынша бағам айырмасын өтеу мәселелері бойынша жұмыс тобын құру туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілуіне белсенді күш салып, сондай-ақ, аталған мәселе бойынша Ұлттық Банкімен және ҚҚҚ-мен хат алмасулар жүргізді. Бұдан басқа, жеке тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша бағам айырмасын өтеу мәселелері бойынша Ұлттық Банкі жұмыс тобының мәжілістеріне, сондай-ақ, аталмыш мәселе бойынша ҚҚҚ шеңберінде өткен кездесулерге де қатысты.

МІНДЕТТІ КҮНТІЗБЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІН ДАМУ

2015 жылы Қордың міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу бойынша әдістемесін қайта қарау бойынша жұмыстар жалғасын тапты. Аталған бірлескен жұмыс тобының қатысушылары ретінде табылатын Қордың Консультативті кеңестің банк-мүшелері мен Ұлттық Банктен – Банк қадағалау департаменті, Қаржылық тұрақтылық пен тәуекелдерді басқару департаменті, Зерттеулер мен стратегиялық талдау департаменті өкілдері қатысты. Бұл жұмыс тобының міндеті – қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемесі әдістемесін кешенді қайта қарастыру болып табылады.

Аталған жұмыс аясында 2015 жылы Қор қолданыстағы индикаторлардың статистикалық тестілеуін жүргізді, индикаторлардың шекті мәндерін анықтау үшін шектік талдау жүргізілді, жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін қатысушылар жұмыс тобы отырыстарында талқыға салды.

Осылайша, 2015 жылдың маусым, қыркүйек және қараша айларында жұмыс тобының отырыстары болды. Отырыстарда қолданыстағы және ұсынылған индикаторлардың статистикалық тестілеу нәтижелері, индикаторларға шектік талдау жүргізу нәтижесінде анықталған шекті мәндердің нәтижелері Ұлттық Банк Басқармасының 23.04.2014 ж. бекіткен №68 қаулысы бойынша ертерек ден қою шараларын және екінші деңгейдегі банктің қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлардың айқындау әдістемесін қолдану қағидаларын бекіту туралы Ережесіне сәйкес банктің қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларымен қатар жоғарыда аталған Ережеге сәйкес шараларды сандық немесе сапалық индикаторлардың шекті мәндерінде қолданылуы қарастырылды. 2015 жылдың қараша айындағы қорытынды отырыста жұмыс тобының атқарылған жұмыстарының қорытындысы жасалды.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

- ▶ Қордың Директорлар кеңесі жанында тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді. 2015 жылы Тәуекелдерді басқару комитеті үш отырыс өткізді.
- ▶ Қордың ұйымдық құрылымда тәуекел-менеджерінің штаттық бірлігі бар, ішкі аудит қызметі толықтай жұмыс істейді.
- ▶ Тұрақты басқарма есептілігін дайындау тәжірибиесі іске қосылған. Осылайша 2015 жылы Директорлар

кеңесінің қарауында қаржылық тәуекелдерді басқарумен жүргізілген стресс-тесттің нәтижелері тоқсан сайын ұсынылып отырды.

- ▶ Қор қызметінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында бақылау күшейтілді.
- ▶ Ішкі құжаттарды жетілдіру бойынша жұмыстар күшейтілген.

ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мақсаттары, міндеттерін және қызметтерін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының және Ұлттық банктің нормативтік құқықтық актілерімен, Акционердің және Қор Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталады. Осыған байланысты, Қор депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша құқықтық ортаның дамуына белсене араласуда.

2015 жылы Қор өз құзіреттері шеңберінде келесі жобаларды әзірлеуге қатысты:

- ▷ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына, соған сәйкес кепілдік берілген депозиттер бойынша 5 миллион теңге мөлшеріндегі кепілдік берілген өтем 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2012 жылдың 1 қаңтары аралығында мәжбүрлеп таратылатын банктердің салымшылары - жеке тұлғаларына, яғни «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшылары - жеке тұлғаларына таралды;
- ▷ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына.

Сонымен қоса, депозиттерге кепілдік беру жүйесін жалпы дамыту аясында Қор ҚР Ұлттық Банкі жетекшілік ететін жұмыстарға белсене қатысты, атап айтсақ:

- ▷ Ұлттық Банкпен және құрылтайшысы (уәкілетті органы) не акционері болып табылатын заңды тұлғалармен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Ережелерін әзірлеуге;
- ▷ Мәжбүрлеп таратылатын «Валют-Транзит Банк» АҚ проблемалық мәселелерін талқылауға;
- ▷ Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банкінің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу мақсатында агент банкті таңдаумен байланысты тәртіпті жетілдіруге;
- ▷ Жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасын 5 миллион теңгеден 10 миллион теңгеге дейін арттыруға;
- ▷ Қор алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін банк құпиясын құрайтын мәліметтерге рұқсат алу мәселелерін реттеуге;
- ▷ 2015 жылдың 20 тамызынан бастап еркін айырбас бағам режиміне көшумен байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгеде) ашылған депозиттері бойынша бағам айырмасы бойынша өтемақы төлеу мәселелері бойынша құжатты дайындауға.


ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2016 жылдың 1 қаңтарында халықтың депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі депозиттері 6,9 триллион теңгені құрады, бұған қоса жыл басынан депозиттік база 2,4 триллион теңгеге, яғни 55% өсті. Аталған өсім негізінен инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүзеге асыру аясында 2015 жылдың тамызынан бастап ұлттық валютаның «еркін өзгермелі бағам» режиміне көшуіне байланысты шетел валютасындағы салымдарды қайта бағалаумен байланысты.

Сонымен қатар, есепті жылы халықтың ұлттық валютадағы жинақтарының шетел валютасындағы салымдарға ағыны жалғасын тапты. Теңгедегі депозиттер жыл ішінде 0,7% (немесе 9,6 млрд. теңге) азайды, ал шетел валютасындағы салымдар 82% немесе 2451 млрд. теңгеге өсті. Ұлттық валютадағы жеке тұлғалардың депозиттерінің үлесі 21%, ал 2014 жылы 33%-ды құраған, шетел валютасындағы жеке тұлғалардың депозиттері өткен жылғы 67%-бен салыстырғанда 79%-ды құрап отыр.

2015 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалардың депозиттері бойынша үздік бестікке кірген банктер; «Қазкоммерцбанк» АҚ – ДКБЖ қатысушы банктерінің барлық депозиттеріндегі жалпы үлесі 20,7% және жеке тұлғалардың депозиттерінің жылдық өсуі 729,9 млрд. теңге немесе 2 есе, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ – нарықтағы жалпы үлесі 20,6% (+512,2 млрд. теңге немесе 56,6%), «Kaspi Bank» АҚ – нарықтағы жалпы үлесі 9,4% (+233,3 млрд. теңге немесе 56,1%), «БанкЦентр Кредит» АҚ – нарықтағы жалпы үлесі 8% (+213,3 млрд. теңге немесе 63,9%) және «Цеснабанк» АҚ – нарықтағы жалпы үлесі 7,3% (+232,7 млрд. теңге немесе 85,4%)



Жеке тұлғалардың теңгедегі және шетел валютасындағы депозиттерінің өзгерістерінің динамикасы



2016 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ САНАТТАРЫ БОЙЫНША ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ДЕПОЗИТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қатысушы банктердің 2016 жылдың 1 қаңтарына жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мәліметтеріне сәйкес халық салымдарының құрылымында мерзімді және шартты салымдар басым үлеске ие, олардың сомасы 6,3 трлн. теңгені, жалпы үлесі 91,4% құраған және жыл бойына 2,3 трлн. теңгеге, яғни 58,9%-ға өсті. Депозиттердің жалпы көлемінде талап етілгенге дейінгі салымдардың үлесі 0,3% алып отыр, есепті жылы олардың сомасы 545,5 млн. теңгеге азайды.

Депозиттік базаның өсуі ең алдымен 15 млн. теңгеден асатын шетел валютасындағы ірі мерзімді салымдардың екі есе немесе 1,9 трлн. теңгеге өсуімен байланысты болып отыр. Сонымен қоса, 15 млн. теңгеден асатын ірі мерзімді салымдардың жылдық өсімі 1,8 трлн. теңгені (86,7%) құрады, теңгедегі салымдардың 62 млрд. теңгеге азаюы есебінен. 5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдардың өсімі 68,3 млрд. теңгені (5,2%), 5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейінгі салымдар – 266,6 млрд. теңгені (70,4%), 10 млн. теңгеден 15 млн. теңгеге дейінгі салымдар – 157,3 млрд. теңгені (103,6%) құрады.



- Т5 млн. дейінгі мерзімді және шартты салымдар
- Т5 млн. бастап Т10 млн. дейінгі мерзімді және шартты салымдар
- Т10 млн. бастап Т15 млн. дейінгі мерзімді және шартты салымдар
- Т15 млн. жоғары мерзімді және шартты салымдар
- Талап етілгенге дейінгі салымдар
- Ағымды және карт-шоттар

- Мерзімді және шартты салымдар
- Талап етілгенге дейінгі салымдар
- Ағымды және карт-шоттар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Ұлттық Банк Қордың құрылтайшысы, жалғыз акционері әрі жоғарғы басқарушы органы болып табылады.

Жарғыға сәйкес Акционердің құзіретіне жатқызылатын барлық мәселелер бойынша шешімдерді Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Олег Смоляков қабылдайды.

2015 жылдың соңына Директорлар кеңесінің құрамы жеті мүшесінен, соның ішінде үш тәуелсіз директордан және Қордың Төрағасынан тұрды .

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

(2015 жылдың соңына)

Ғалымжан Пірматов – Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Виталий Тутушкин – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Зерттеулер және статистика департаментінің директоры;

Нұрлан Әбдірахманов – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Бақылау және қадағалау әдістемесі департаментінің директоры;

Бақыт Қоғылов – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасы;

Бейсенбек Зиябеков – тәуелсіз директор;

Слава Сизова – тәуелсіз директор;

Серік Аханов – тәуелсіз директор.

2015 жылдың соңында Директорлар кеңесіне қарасты үш комитет әрекет етеді:

1. Стратегиялық жоспарлау және ішкі аудит комитеті;
2. Тәуекелдерді басқару комитеті;
3. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.

2015 жылы Қор Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен бес тікелей және екі сырттай дауыс беру арқылы жеті мәжіліс өткізілді.

2015 ЖЫЛҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қордың Ішкі аудит қызметі туралы Ереже және Ішкі аудитті ұйымдастыру Ережесі бекітілді;
- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ 2015-2016 жылдары аралығындағы ақпараттық-түсіндіру қызметінің Тұжырымдамасы бекітілді;
- Кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қосылу Шартымен белгіленген «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның бірегей талаптарына сәйкестігін анықтау ережесінің екі қосымшасына өзгерістер бекітілді;
- «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшылары - жеке тұлғаларына қосымша кепілдік берілген өтемді төлеу үшін 2015 жылдың 31 шілдесінде өткізілген банкт-агентті таңдау конкурсының нәтижелері бекітілді;

- Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерлерін анықтау және төлеу тәртібін анықтау Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;
- Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп бекітілді;
- Жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерін анықтау және бекіту Әдістемесіне өзгерістер бекітілді;
- Жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелері қарастырылды және бекітілді;
- Қордың Инвестициялық саясатына өзгерістер енгізіліп бекітілді;
- Қордың 2012-2016 жылдардағы даму жоспары бекітілді.

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС

Консультативтік кеңес - депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің мүдделерін ұсынатын Қордың алқалы консультативтік – кеңес беруші органы.

Консультативтік кеңестің негізгі міндеттері:

1. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қатысушы-банк пікірлерін қоса алып дайындау және қарау;
2. Қосылу шартына, Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесіне және Қордың басқа актілеріне өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын Қор Директорлар кеңесіне ұсынбас бұрын алдын-ала қарау;
3. Қосылу шарты шегінде өз міндеттемелерін депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерімен орындау кезінде туындауы мүмкін түсініспеушіліктерді, дәлсіздіктер мен қайшылықтарды жою жөніндегі Ережелерді әзірлеу;
4. Қатысушы банктерімен міндеттемелерін орындамаудың мүмкін жағдайларын алдын-алу бойынша кеңестерді анықтап алу, соның ішінде Қосылу шартымен қарастырылған жарналар мен айыппұлдарды төлеу жөнінде.

Қор Консультативтік кеңесінің мүшелері жыл сайын депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің жалпы жиналысында сайланады.

Консультативтік кеңестің Төрағасы жыл сайын Консультативтік кеңес мүшелері арасынан сайланады. 2015 жылы Консультативтік кеңес төрағасының міндеттерін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өкілі атқарды.

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Меруерт Карджанова – Консультативтік кеңес Төрайымы, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бөлшек өнімдер және агенттік қызметтер департаментінің директоры;

Алексей Сычев – «Қазкоммерцбанк» АҚ Жеке сауда бөлшек бизнес департаментінің директоры;

Андрей Тимченко – «Сбербанк» АҚ ЕБ бөлшек бизнес жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары;

Госсар Бертран Жан Эммануэль – «Еуразиялық банкі» АҚ Басқарушы директоры, Бөлшек бизнес стратегиясы департаментінің директоры;

Данияр Аринов – «DeltaBank» АҚ Қаржы департаментінің директоры;

Замира Килибасова – «АТФБанк» АҚ Бөлшек өнімдер департаментінің директоры;

Ирина Степанова – «Bank RBK» АҚ Басқарушы директоры;

Лариса Зданович – «Банк ЦентрКредит» АҚ Жоспарлау және қаржы департаментінің директоры;

Рустам Якумбаев – «Цеснабанк» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.

Татьяна Белова – «ForteBank» АҚ Бөлшек бизнесті дамыту департаментінің директоры;

Бақылаушылар:

Бауыржан Садықов – «Qazaq Banki» АҚ Бөлшек бизнес департаменті өнімдерді әзірлеу басқармасының аға менеджері;

Нұржамал Алтынсақа – «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2015 ЖЫЛҒЫ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2015 жылы Консультативтік кеңестің төрт жиналысы өткізілді. Солардың ішінде төмендегі негізгі мәселелер қаралды:

1. Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және төлеу тәртібін анықтау Ережесіне төмендегі мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу:
 - ▷ уәкілетті органның талаптарына сәйкес сыйақы төлеумен байланысты жаңадан тартылған депозиттер санатынан қайта ресімделген депозиттерді шығару;
 - ▷ жеке тұлғалардың депозиттерін тарту бойынша агенттердің қызметін реттеу шеңберінде қатысушы банктердің агенттік желілерді қолдануын шектеу;
2. Қосылу Шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қордың ресми интернет-ресурсы негізінде жеке тұлғалар үшін ДКБЖ қатысушы банктерінің депозиттік өнімдері бойынша шоғырланған дерекқорды енгізу;
3. Міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу Әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу бойынша банктердің ұсыныстары;
4. Банктердің маркетингтік және PR-кампаниялар арқылы жұртшылыққа хабардар ету тұрғысында Қордың қатысушы банктермен әріптестік мәселелері;
5. Банктің кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізу жөніндегі автоматтандырылған дерекқорының Қосылу шартына сәйкестігін анықтау бойынша процедураларды, атап айтқанда, «SaIT Inspect» ақпараттық жүйесін орнату және қолдану арқылы жетілдіру;
6. Консультативтік кеңес туралы Ереженің жаңа мәтінін қабылдау. Консультативтік кеңес туралы Ереженің жаңа

мәтіні оның баптарын Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында, сондай-ақ Қордың ДКБЖ қатысушы банктерімен қарым-қатынас мәселелеріне байланысты қалыптасқан тәжірибе негізінде әзірленген болатын. Атап айтқанда, бұл құжат Қордың Консультативтік кеңесінің негізгі міндеттері мен мақсаттарын нақтылауды көздейді, Консультативтік кеңес қызметін ұйымдастыру және оның мәжілістерін өткізу тәртібін анықтайды, сондай-ақ оның қызметі бойынша басқа да мәселелерді реттейді;

7. Жеке тұлғалардың теңгедегі және шетел валютасындағы жаңадан тартылатын депозиттері бойынша Қор ұсынатын ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерін бекіту;
8. Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелерін анықтау және бекіту Әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Қор Директорлар кеңесі күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарастыру кезінде Консультативтік кеңес мүшелерінің пікірлерін ескерді.

2015 жылы Консультативтік кеңес жанында екі жұмыс тобы қызмет істеді – 1) Қордың ақпараттық-түсіндіру қызметіндегі қатысушы банктермен әріптестікті күшейту мәселелері бойынша; 2) банктердің сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін жетілдіру бойынша.

Бірінші жұмыс тобы қызметі шеңберінде Қордың ақпараттық-түсіндіру қызметінде қатысушы банктермен әріптестікті күшейту мәселелері бойынша жұмыс тобы есепті жылы екі мәжіліс өткізілді, нәтижесінде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктермен әріптестіктің Қордың ақпараттық-түсіндіру қызметін күшейту және жетілдіру саласында әлеуетті мүмкіндіктеріне қатысты маңызды шешімдер қабылданды.



ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР ЖАРНАЛАРЫНЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ

Міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі 2007 жылы қолданысқа енгізілді.

Қолданыстағы жүйе тәуекелдерді бағалауда құрамдастырылған тәсілмен сипатталады: барынша мүмкін болатын жинақтама балының 70% сандық көрсеткіштерді, 30% -сапалық көрсеткіштерді құрайды. Сандық және сапалық көрсеткіштерді құрамдастырудың артықшылығы – олар банктердің тәуекелдер құрылымын бағалаудың барынша тиімді және тегіс қамтитын тәсілі болып табылады және қолда бар ақпараттың кең ауқымын қолданады.

Аталған көрсеткіштерді есептеу нәтижелері бойынша тоқсан сайын әрбір қатысушы банк бойынша жалпы жинақтама балы есептеледі. Берілген жалпы жинақтама балдың мәніне байланысты қатысушы банк жіктелген топтардың біріне бөлінеді, бұл топтардың әрқайсысының өзінің міндетті күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі болады. Осылайша, банктің қаржылық тұрақсыздығы және тәуекелді операцияларының деңгейі қаншалықты жоғары болса, оның күнтізбелік жарналарының мөлшерлемелері де соншалықты жоғары болады.

Қор қатысушы банктердің ұсыныстары мен ескертулерін, сондай-ақ отандық банк секторындағы, банктік заңнамадағы және реттеуші органның бекіткен есептілік нысандарындағы өзгерістерді ескере отырып әрдайым жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін жетілдіріп отырады. 2015 жылы жұмыс тобы шеңберінде жарналардың сараланған мөлшерлемесін есептеу әдістемесін жетілдіру жұмыстары жалғасын тапты. Есепті жылдың маусым, қыркүйек және қараша айларында жұмыс тобының мәжілісі өтіп, қолданыстағы және ұсынылған көрсеткіштерді статистикалық тестілеу нәтижелері, индикаторлардың шектік талдау негізінде анықталған шектік мәндері талқыланды, сандық және/немесе сапалық көрсеткіштерде қолдану үшін 2014 жыл 23 сәуірдегі Ұлттық Банк Басқармасының №68 Қаулысымен бекітілген «Ертерек ден қою шараларын және екінші деңгейдегі банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін қолдану қағидаларын бекіту

туралы Ережелерге» сәйкес банктің қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторлар қарастырылды. 2015 жылдың қарашасында өткен қорытынды мәжілісінде жұмыс тобы қызметінің нәтижелері қорытындыланды. Мұнда банктердің есептілігіне, атап айтқанда 2005 жылдың 30 қыркүйегінде Қаржылық Қадағалау Агенттігі Басқармасының №358 Қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы Нұсқаулыққа енгізілуі мүмкін өзгерістермен және толықтыруларға байланысты жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін жетілдіру мәселесі 2016 жылға қалдырылды. Аталған жұмысты екінші деңгейдегі банктердің есептілігіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізгеннен кейін жалғастыру жоспарланып отыр.

Сонымен бірге, есепті жылы 2014 жылы Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін және төлеу тәртібін анықтау Ережелеріне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып «БАТА» ақпараттық жүйесінің бейімделуі жүзеге асырылды.


Негізгі қаржылық көрсеткіштерге негізделетін және тоқсандық жарналардың тиісті мөлшерлемелері бар алты жіктеу тобын анықтайтын «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелін есептеу жүйесіне сәйкес есепті жылы 8 қатысушы банк өздерінің жағдайларын жақсартып, тоқсандық жарналарының мөлшерлемесі төмен топтарға өтті, 3 қатысушы банк өз жағдайларының төмендеуі себебінен тоқсандық жарналарының мөлшерлемесі жоғары топтарға өтті, 23 қатысушы банк өздерінің бұрынғы орындарын сақтап қалды. Сонымен қатар, 2015 жылдың 1 шілдесінде депозиттерге кепілдік беру жүйесінің тізімінен үш банк шығарылды.

2015 жылдың 4 тоқсанының қорытындысы бойынша қатысушы банктерді топтарға жіктеп орналастырды: «А» тобының үлесі 11,8% (4 банк), «В» тобының үлесі – 11,8% (4 банк), «С» тобының үлесі – 61,8% (21 банк), «D» тобының үлесі – 14,7% (5 банк), «Е» тобының үлесі – 0% және «S» тобының үлесі 0% .

Міндетті күнтізбелік жарналардың мөлшерлемелері

Жіктеу топтары	A	B	C	D	E	S
Қатысушы банктің күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі (қатысушы банктегі жеке тұлғалардың барлық депозиттерінің сомасынан%)	0,04	0,08	0,11	0,19	0,38	0,5

ДКБЖ қатысушы банктердің «БАТА» жүйесінің жіктеу топтарында орналасуы




КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУГЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ РЕЗЕРВ

Мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілді өтем төлеу, сондай-ақ Р&А операцияларын жүргізу шеңберінде проблемалы банктің тұрақты банкке өткізетін активтері мен міндеттемелері арасындағы айырмашылықтың орнын толтыру, Қордың арнайы резерві қаражаттары есебінен жүргізіледі. Арнайы резерв жинақтау негізінде шоғырланады. Алайда, мәжбүрлеп таратылатын банктің барлық сақтандырылған салымшыларына кепілді өтемді төлеу үшін Қордың арнайы резервінде қаражаттар жеткіліксіз болған жағдайда, ұлттық заңнама қатысушы банктерден қосымша жарналар жинау, Қордың арнайы резервінің тапшылығын жабу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен қарыз алу, сондай-ақ Қордың жалғыз акционері Ұлттық Банкімен қосымша капиталдандыру арқылы жарғылық капиталды арттыру секілді бірқатар шараларды қарастырады. Жарғылық капиталдың 70% «Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңға сәйкес мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілді өтемді төлеу үшін жұмсауға болады.

Заңнамаға сәйкес кепілді өтемді төлеуге арналған Қордың арнайы резерві мына шеңберде және есепте қалыптасады:

1. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталы мөлшерінің жетпіс пайызы шегінде оның шығыстары;
2. Қатысушы банктердің жарналары;
3. Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қатысушы банктерге қолданылған тұрақсыздық төлемі;
4. Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің төленген (төленетін) кепілдік берілген өтем сомалары бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша;
5. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы резервінің активтерін орналастырудан түскен кіріс;
6. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның жарғысында көзделген тәртіппен оның шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған меншікті активтерін орналастырудан түскен кіріс шегінде және есебінен арнайы резерв қалыптастырады.

Арнайы резерв активтерінің құрылымының өзгерісі (2011 - 2015 жж.)



2015 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша арнайы резерв 270 млрд. теңге көлемінде қалыптасты.

Арнайы резерв құрылымының ең қомақты салмағын қатысушы-банктердің күнтізбелік жарналары құрайды (63%). Есептік кезеңнің басымен салыстырғанда 2015 жылдың соңына жарналар 25 млрд. теңгеден 170 млрд. теңгеге дейінгі көлемде өсті.

Арнайы резервтегі Қордың таза кірісі 18,9 млрд. теңгеге ұлғайды және 2014 жылдың соңындағы 19,7% -мен салыстырғанда, Қордың арнайы резерв құрылымындағы оның үлесі 22,8%-ын құрады. «Наурыз Банк Казахстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссияларынан кепіл-

денген өтем төлеу бойынша қарыздарды жабу есебінен төлем сомасы 140 млн. теңгеге ұлғайып, 9,5 млрд. теңгені құрады.

2015 жылдың желтоқсандағы Акционер Шешімімен арнайы резерв ҚР Заңының 1 бабының 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес 10,5 млрд. теңгеге Қордың шығысы есебінде ұлғайтылды. 2015 жылы ҚР Ұлттық Банкі жарғылық капитал теңгерімін 10%-ға, 194,9 млрд. теңгеге дейін арттырды.

Салымшылардың кепілденген өтемдерін төлеуге бағытталатын Қордың Жарғылық капиталының максималды сомасы (оның жиынтық сомасынан 70%) 377,5 млрд. теңгені құрайды.

АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІҢ МАҚСАТТЫ ДЕҢГЕЙІН ЖӘНЕ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ӘДІСТЕМЕСІ

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнайы резервтің мақсатты деңгейі депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың жалпы депозиттік базасының 5%-нан кем болмауы тиіс.

2015 жылы арнайы резервтің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесіне сәйкес арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтау және бекіту мәселесі екі мәрте Қордың Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылды. 2015 жылдың ақпан айында Қордың Директорлар кеңесі арнайы резервтің мақсатты деңгейін депозиттерге

кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттік базасынан 5,73% мөлшерінде бекіту туралы шешім қабылдады. Кепілдік берілетін жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері бойынша кепілдік берілген өтем сомасының 5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейін артуына байланысты арнайы резервтің мақсатты деңгейі мен мөлшерінің болжамды көрсеткіштері қайта есептеліп, 2015 жылдың шілде айында Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен арнайы резервтің мақсатты деңгейі 2015 жылға 5,8% деңгейінде, ал 2016 жылға – 6,3% деңгейінде бекітілді. 70% жарғылық капиталды ескермегенде 2015 жылы арнайы резервтің нақты деңгейі 3,9%, ал жарғылық капиталдың 70% қосқанда – 5,5% құрады.

АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІҢ ҚОСЫМША ҚАРЖЫ КӨЗДЕРІ

ҚР Ұлттық банкінің 2011-2015 жж. Арналған Стратегиялық жоспарына сәйкес Ұлттық банк аталған кезең ішінде жыл сайын Қордың жарғылық капиталын 10% арттырып отырды.

2013 жылдың 5 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына

өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістерге сәйкес акционердің шешімі бойынша арнайы резервтің қаражаттары жетіспеген жағдайда салымшыларға өтем төлеуге бағыттауға болатын Қордың жарғылық капиталының ең жоғарғы үлесі 50 пайыздан 70 пайызға дейін артқан. Бұл заңнамалық жаңалық 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.



АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

Активтерді инвестициялық басқару бойынша стратегия сипаты консервативті болып анықталуы мүмкін. Қор өз активтерін басқаруда 3 принципті ұстанады: активтердің сақталуы, қаржы шығындары тәуекелін төмендету және инвестициялар табысын арттыру.

Активтерді сенімгерлік басқару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен жүзеге асырылады, ал Қор мен ҚРҰБ арасындағы тиісті қарым-қатынастар сенімгерлік басқару шартымен реттеледі.

Қордың инвестициялық саясаты оның директорлар Кеңесі шешімімен бекітілген (2014 жылғы 27 қарашадағы №5 хаттама) және Қордың жоспарлы кіріске қол жеткізу, шығындар тәуекелін төмендету мен инвестициялардың өтімділігін қамту мақсатында активтерді инвестициялау шарттарын анықтайтын құжат болып табылады.


2008 жылдан бастап Қор ҚР Үкіметі және қаржыны реттеу органдарымен біріге отырып, арнайы резерв активтері бойынша инвестициялық кірістерін салық төлеуден босату бойынша іс-шаралар жүргізді. Қор Қаржы Министрлігі, Экономикалық және бюджеттік жоспарлау Министрлігі мен ҚР Ұлттық Банкінің жауапты бөлімдерінің қатысуымен осы мәселені талқылауды бірнеше мәрте көтерген болатын. Одан бөлек, Қор ҚР Салық кодексіне өзгерістер енгізу бойынша жұмыс топтары отырыстарына қатысып, аталған сұрақты Мәжіліс пен Сенат депутаттарымен кездесу барысында талқылаған. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде, ҚР Салық кодексіне тиісті өзгерістер енгізілді. Бір мезгілде «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына да өзгерістер енгізілді, оның ішінде Қордың жеке активтері мен арнайы резерв активтерінің есебін бөлек жүргізу.

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор жеке активтер мен арнайы резерв активтерінің бөлек есебін жүргізеді:

1. Қордың жеке активтерінің инвестициялық қоржыны – Қордың жарғылық капитал қаражаты есебінен;
2. Қордың арнайы резерв активтерінің инвестициялық қоржыны.

2015 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША, ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЕСЕБІНЕН ҚАЛЫПТАСҚАН, ҚОРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЖЫНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қордың жеке активтерінің инвестициялық қоржыны ішкі нарықтағы қаржылық құралдардан, ұлттық валютада қалыптасады. Арнайы резерв активтері келесі



Ұлттық валютадағы арнайы резерв активтері мен жеке активтерді инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдары

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік құнды қағаздары
- Биржалық және биржадан тыс нарықтағы кері Репо операциялары (қамтамасыз етуге тек ҚР МҚҚ қабылда-нады)
- ҚР Ұлттық Банкіне орналастырылған депозиттер
- Ұлттық компаниялар мен ұлттық басқару холдингтерімен шығарылған құнды қағаздар (жеке активтер қоржы-нының 30% аспайтын, 1 эмитентке жеке активтер қоржынының 10% дейін)

Шетелдік валютада инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдары

- 5 жылға дейінгі мерзімде айналымда болатын АҚШ Үкіметінің құнды қағаздары арнайы резерв активтері қоржынында
- Егемен бондтар, халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздық міндеттемелері
- A/A2 ең төменгі несиелік рейтингті мемлекеттік емес эмитенттердің құнды қағаздары (арнайы резерв қоржы-нында 30% дейін, 1 эмитентке арнайы резерв қоржынында 10% дейін)
- A+/A1 кем емес несиелік-рейтингті резидент емес-банктердегі депозиттер (1 жылдан кем емес мерзімде айна-лымда болатын салымдар)


бөліністер шегінде ұлттық және шетелдік валюталарда ор-наластырылады:

1. шетел валютасындағы қаржы құралдары - арнайы резервтегі активтер қоржынының активтері ең төменгі үлесі 25%, ең жоғарғы үлесі 35% (2015 жылғы 1 қара-шадан бастап 45%);
2. ұлттық валютадағы қаржы құралдары – арнайы резерв-тегі активтер қоржынының активтеріне ең төменгі үлесі 65%, ең жоғарғы үлесі 75% (2015 жылғы 1 қарашадан бастап 55%).

Есеп беру маусымының соңына активтер құны 524,2 млрд. теңгені құрады, өткен жылдың осы маусымымен салысты-рғанда өсім 25,7% (107,3 млрд. теңге). АҚШ долларының ұлттық валютаға шаққандағы мөлшерінің нығаюына бай-ланысты 2015 жылы Қор активтерін инвестициялаудан алынған кірістер құрылымында, таза бағамдық айырым 75%, теңгемен алғанда құнды қағаздар бойынша инвестициялық кіріс – 24,6%, АҚШ долларымен алғанда 0,4% құрады.

Есеп беру маусымының соңына Қордың инвестициялық активтер құны 509,4 млрд. теңгені құрады (барлық актив-тердің 97,2%), оның ішінде арнайы резерв қоржыны 318,8 млрд. теңге, Қордың жеке активтер қоржыны 190,6 млрд. теңге. 2015 жылдың қорытындысы бойынша инвестици-ялық кіріс 87,1 млрд. теңгені құрады (өткен жылдың мау-сымымен салыстырғанда 211% артты), оның ішінде арнайы резерв қоржынының кірісі 75,3 млрд. теңгені, жеке актив-тер қоржынының кірісі 11,8 млрд. теңгені құрады. 2015 жылға, қаржы құралдары есебінен қалыптасқан, Қордың инвестициялық қоржынының жиынтық құны 108,6 млрд. теңгеге артты (27,1%).

Валюта нарығында орын алған ағымдағы жағдайларға банк секторындағы, Қордың белгілі-бір қаржы құралда-рының кірістілігі мен басқа да факторлардың өзгерістеріне тәуелді, директорлар Кеңесі Қордың инвестициялық стра-тегиясын өзгерте алады.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, қаржы құралдары есебінен қалыптасқан, Қордың инвестициялық қоржынының құрылымы



КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Қордың ДҚБЖ қатысушы банктерде бақылау шараларын өткізуі. Мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясының банктің салымшылар туралы сапасыз тізімін ұсыну тәуекелін төмендету және сәйкесінше банк-агенттің кепілдік берілген өтемді бұрыс төлеу тәуекелін төмендету бойынша алдын-ала іс-шараларының бірі ДҚБЖ қатысушы банктерінде кепілдік берілетін депозиттердің автоматтандырылған есебі бойынша дерекқорының Қордың талаптарына сәйкес келуін жоспарлық негізде тексеруі болып табылады. 2009 -2015 жылдары аралығында Қор ДҚБЖ қатысушы 35 банкте осы іс-шараларды жүргізді, соның ішінде есепті жылы аталған іс-шаралар ДҚБЖ қатысушы 3 банкте өткізілді.

Дерекқордың сәйкестігін анықтау бойынша қатысушы банктерде жедел және тиімді іс-шараларды өткізу мақсатында Қор «SalT Inspect» ақпараттық жүйесін дайындады. Бұл жүйе тізімнің сапасын, ДҚБЖ қатысушы банктің шоттар бойынша есеп айырысуларының дұрыстығын тексеруге, банк қызметкерлерінің дерекқорына ақпарат енгізу кезінде жіберген операциялық қателіктерін анықтауға мүмкіндік береді. 2015 жылы қыркүйекте «SalT Inspect» АЖ өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

Салымшылардың тізімінің сапасын арттыру мақсатында қатысушы банктерге өз алдына қолдану үшін аталған жүйені орнату ұсынылды. 2015 жылы Қор 10 қатысушы банктің сұранысы бойынша ақпараттық жүйені орнатты, Қор қызметкерлері техникалық қолдау көрсетіп отырады. Айта кету керек, аталған жүйені орнату қатысушы банктерге жүйелі негізде өткізілетін шаралардың нәтижелеріне өз бетінше мониторинг жүргізуге, банк тарапынан операциялық қателіктердің алдын алуға, өз тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік берді.

Қатысушы банктерде сақтандыру жағдайы орын алғанда мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы ұсынатын есептеу мәліметтерін есепке алу және тексеру бойынша процедураларды автоматтандыру, сондай-ақ, Қордың төлеген кепілді өтемдерінің негізділігін және толықтылығын бақылау мақсатында «SalT Payout» ақпараттық жүйесі әзірленді. Бағдарламалық өнімді өнеркәсіптік пайдалануға беру және оны ҚР депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес келтіру үрдісінің жақында аяқталуына байланысты «SalT Payout» ақпараттық жүйесін жетілдіру және дамыту 2016 жылы жалғасын табады.

2. Қордың кепілдік берілген өтемді төлеуді жүргізуі. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау мақсатында Қордың негізгі міндеттерінің бірі – мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу болып табылады.

2015 жылдың 31 желтоқсаныдағы жағдай бойынша ҚОР сақтандырылған салымшыларының жалпы саны 400 мың адамнан асатын 3 мәжбүрлеп таратылған қатысушы банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтем төледі. 2016 жылы Қор екі мәжбүрлеп таратылған банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеуді жалғастырады: «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес мәжбүрлеп таратылған банктердің салымшыларына төленген кепілдік берілген өтемдер

Мәжбүрлеп таратылатын банктің аталуы	Қордың салымшылар алдындағы міндеттемелерінің мөлшері	Кепілдік берілген өтемді төлеу	
	млрд. теңге	млрд. теңге	салымшылар
«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ	0,77	0,68	3 638
«Валют-Транзит Банк» АҚ	18,36	17,52	63 214

«Валют-Транзит Банк» АҚ сандық жағынан да, салымшылардың әлеуметтік қамту жағынан да Қазақстандағы ең ірі таратылған банк болып табылады. Банк салымшыларының басым бөлігін зейнеткерлер, жасы келген адамдар, ҰОС және еңбек ардагерлері мен мүгедектер құрайды. Банк банкрот болған сәтте жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасы бір салымшы үшін бір банк бойынша 700 мың теңгені құрайтын. Кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасынан аспайтын (яғни, сол кездегі 700 мың теңге) депозиттері бар салымшылардың барлығы өз ақшаларын толық көлемде және уақтылы қайтарып алды.

Сонымен қоса, таратылған банктің салымдарының қалдықтары 700 мың теңгеден асатын салымшыларының көпшілігі депозиттері бойынша қалдықтарды толық көлемде өтеп беруді талап етіп, бірнеше мәрте наразылық шараларын өткізді.

Осы орайда, таратылған банктің салымшыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Ұлттық банкі ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының тапсырысы бойынша мемлекеттік органдарының өкілдерінің қатысуымен таратылған банктің күрделі мәселелерін қарастыру бойынша жұмыс тобы құрылды. Бұл жұмыс тобында банкті тарату үрдісінің барлық мәселелері және оларды шешудің әлеуетті тиімді жолдары талқыланды.

Аталған жұмыс тобы шеңберінде салымшылардың мүдделерін қорғайтын ұйым ретінде Қорға және жалпы мемлекетке деген халықтың сенімін нығайту мақсатында таратылған банктің салымшыларына Қордың арнайы резерві қаражаттары есебінен қосымша 5 млн. теңге кепілдік

берілген өтемді төлеу туралы шешім қабылданды. Шамамен 5 мыңға жуық салымшыларға қосымша кепілдік берілген өтемді төлеу үшін жалпы сомасы 4,25 млрд. теңгені құрайтын қаражат бөлінді.

Айта кету керек, қосымша кепілдік берілген өтемді төлеудің аталған жолы әлемдік тәжірибеде бірегей болып табылады, бұл бірнеше мәрте наразылық шараларын білдірген банк салымшылары арасында әлеуметтік шиеліністі, ашуды және наразылықты шешуге мүмкіндік берді, сонымен қатар салымшылардың мүдделерін қорғайтын ұйым ретінде Қорға және жалпы мемлекетке деген сенімін арттырды.

Аталған жобаны жүзеге асыру мақсатында Ұлттық Банк, Қор және Банктің тарату комиссиясы бекіткен, кепілдік берілген өтемді жедел төлеу шараларын қарастыратын банктің салымшыларына қосымша кепілдік берілген өтемді төлеуді ұйымдастыру бойынша жоспар дайындалды.

Кепілдік берілген өтемді жедел төлеу үшін құжаттарды ұсыну бойынша аз талаптар орнатылды (жазбаша өтініш және жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы), бұл шамамен 3,8 мың салымшыға 3,65 млрд. теңге сомасындағы кепілдік берілген өтемді, немесе төлеуге тиісті жалпы соманың 86 %-ын төлеуге мүмкіндік берді.

Қор қызмет көрсеткен 16 жыл ішінде таратылған банктердің салымдары бойынша кепілді өтемді төлеу бойынша өз қызметтерін табысты орындауы Қордың заңнамаға сәйкес негізгі миссиясын жүзеге асыруға – халықтың, еліміздің банк секторына және қаржы жүйесіне, сондай-ақ Қор өзіне деген сенімін нығайтуға септігін тигізді.



МӘЖБҮРЛЕП ТАРАТЫЛАТЫН БАНКТЕРДІҢ ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

2015 жылы «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату үрдісі жалғасын тапты.

«НАУРЫЗ БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату үрдісі 2005 жылдың қарашасында басталды. 2015 жылдың соңында жағдайда аталған банктің салымшыларына төленген кепілдік берілген өтемнің жалпы сомасы 680 млн. теңгені немесе салымшыларға төленуі тиіс соманың 88% құрады. Бұған қоса «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату комиссиясы банктің салымшыларына төленген 679,4 млн. теңге (88%) кепілдік берілген өтем бойынша Қордың талаптарын жапты. Есепті жылы тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын, соның ішінде Қордың да талаптарын, қанағаттандыра алмады. Кредиторлар алдындағы міндеттемелерді ұзақ уақыт орындамаудың негізгі себебі – банктің ірі үш қарызгері бойынша қарызды сот арқылы өндіріп алудың қиындығы болып отыр. Қарыздарды төлеу үшін банктің басқа активтері жоқ.

Заңнамаға сәйкес, Қордың өкілі Қордың талаптары бойынша толық есеп айырысқанша «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ кредиторлар комитетінің құрамына қатысады. Қазіргі кезде Қордың өкілі «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ кредиторлар комитетінің Төрағасы болып тағайындалған.

«ВАЛЮТ-ТРАНЗИТ БАНК» АҚ

«Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату үрдісі 2007 жылдың наурыз айында басталды. Қордың бастапқы талаптары 14,1 млрд. теңгені құрады.

2015 жылдың 10 тамызынан бастап Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес бұрын 700 мың теңге мөлшерінде төленген кепілдік берілген өтемді ескере отырып банктің салымшыларына 5 млн. теңгеге дейін қосымша кепілдік берілген өтемді төлеу үрдісі басталды. Салымшыларға төленетін қосымша кепілдік берілген өтемнің жалпы сомасы 4,25 млрд. теңгені құрады.

Осылайша, Қордың кепілдік берілген өтем бойынша тарату комиссиясы алдындағы талаптарының сомасы қосымша төлемдерді ескере отырып 18,36 млрд. теңгені құрады.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайда банктің тарату комиссиясы жалпы сомасы 8,8 млрд. теңгені құрайтын Қор талаптарының 48% жапты.

Қордың өкілдері тарату комиссиясының Төрағасы және банктің кредиторлар комитетінің Төраға орынбасары болып тағайындалды.

Аталған банкті мәжбүрлеп тарату үрдісі дебиторлық қарызды сот тәртібімен де, орындау өндірісі тәртібімен де өндіріп алу кезінде қиындайды. Негізгі қиындықтардың ішінен мыналарды атап кетуге болады: жылжымайтын мүлік мәмілелері бойынша «Валют-Транзит Банк» АҚ және контрагенттер арасындағы келісім-шарттың болмауы, сот жалған кәсіпорын деп таныған аталған банктің аффилирленген тұлғаларынан мүлікті өндіріп алу қиындықтары, қарызды толық жабу үшін мүліктің жетіспеушілігі немесе мүлдем болмауы, бағалау барысында кепіл мүлігінің және дебитордың басқа да мүлкінің төмен нарықтық құны, мемлекеттік сот орындаушылары тарапынан ұзақ уақыт сот актілерінің орындалмауы. Осының барлығы банктің қарызгерлерінің атына тіркелген кепіл мүліктерінің басқа тұлғалардың пайдасына шешілуіне алып келеді.

Есепті жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 03.02.2012ж. №34 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Е.А. Мұсиннің 17.10.2011 ж. тапсырмасын орындау үшін құрылған «Валют-Транзит Банк» АҚ мәселелері бойынша жұмыс тобы өз жұмысын аяқтады.

2015 жылдың ішінде Қор өкілдері аталған жұмыс тобының төрт мәжілісіне қатысты, мұнда банктің тарату комиссиясының жұмыс мәселелері талқыланды, сондай-ақ, жұмыс


тобының мүшелерімен бірлесе отырып оларды шешу жолдары анықталды. Сонымен қоса, Қор өкілдері мәжбүрлеп таратылатын «Валют-Транзит Банк» АҚ және «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ кредиторлар комитеттерінің 21 мәжілісіне қатысты.

2015 жылы Қордың «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясына қойған талаптары 140 млн. теңге сомасына орындалды.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес мәжбүрлеп таратылатын банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу

Мәжбүрлеп таратылатын банктің аталуы	ҚДКБҚ-ның салымшылар алдындағы міндеттемелерінің мөлшері	Салымшыларға төленген кепілдік берілген өтемнің сомасы	Банктердің тарату комиссияларымен жабылған міндеттемелердің мөлшері	
	млн. теңге	млн. теңге	млн. теңге	%
«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ (16.11.2005 ж. тарату туралы сот шешімі)	772	680	679	87,95
«Валют-Транзит Банк» АҚ (13.02.2007 ж. тарату туралы сот шешімі)	14 103	13 876	8 813	62,36
4,25 млрд. теңге мөлшерінде төленген қосымша кепілдік берілген өтемді ескергендегі «Валют-Транзит Банк» АҚ	18 355	17 524	8 813	48,00

2006-2015 жж. «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиялары қанағаттандырған Қор талаптарының динамикасы





ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі міндеті мәжбүрлеп таратылған банктің салымшыларына кепілді өтемді уақытылы және толық төлеу, арнайы резерв құру, Қордың тәуекелдерін жүзеге асырумен байланысты жағымсыз салдарды төмендету арқылы заңнама талаптарына сәйкес қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу бойынша Қордың міндеттерін жүзеге асыру болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі Қор қызметіне тән операциялық, қаржылық, репутациялық және комплаенс секілді тәуекелдерді сәйкестендіруге, олардың маңыздылық деңгейін анықтауға және басқаруға (төмендетуге) бағытталған.

Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың әлеуетті және іске асырылған тәуекелдері туралы жедел және объективті мәліметтерді алу үрдісін үздіксіз және циклдық түрде жүзеге асыру, Қордың ағымды қызметіне тәуекелдердің ықпал ету деңгейін және дәрежесін анықтау үрдісін, тәуекелдер бойынша жүйелі басқарушылық есептілікті әзірлеу, тәуекелдерді төмендету бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, Қордың тәуекелдерді басқару бойынша құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру, тәуекелдерді басқарумен байланысты үрдістерді автоматтандыру және жақсарту бойынша кешенді тәсілдерді қолдануды қажет етеді.

Заңнамаға сәйкес Қордың негізгі қызметтерінің бірі сақтандыру жағдайы орын алғанда (банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде) салымшыларға кепілді өтемді төлеуге қажетті арнайы резервтің жеткілікті деңгейін қалыптастыру болып табылатындықтан, тәуекелдердің қауіптілігін бағалау, атап айтар болсақ, Қор қызметі үшін барынша маңызды қаржылық тәуекелдерді бағалау, халықаралық және шет елдік тәжірибелер негізінде жүзеге асырылады. Қордың қаржылық тәуекелдері бойынша тоқсандық есептілікті дайындау Қордың Директорлар кеңесіне нақты қаржылық тәуекелдер туралы хабардар болуына септігін тигізеді.

Сонымен қоса, тәуекелдерді басқару жүйесі сыртқы құқықтық және ақпараттық ортаны талдау негізінде комплаенс және репутациялық тәуекелдерге үздіксіз мониторинг жүргізуді, сонымен қатар осы тәуекелдерді басқару бойынша, соның ішінде жедел жауап беру бойынша, тиісті шараларды қажет етеді. 2015 жылы Қордың Директорлар кеңесінің қарауына Қордағы комплаенс және репутациялық тәуекелдердің жағдайы туралы есептер, сондай-ақ, оларды төмендету бойынша шаралар жоспары ұсынылды.

Қор алдындағы барлық міндеттерді сапалы орындау оның тәуекелдерді басқару жүйесін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Жоғарыда аталғандарға сәйкес, 2015 жылы қаржы ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесін құру бойынша халықаралық ұсыныстарды ескеретін Тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру, Ережелеріне өзгерістер жобасын дайындау бойынша жұмыстар іске асырылды.

Қорда тәуекел-менеджер және ішкі аудит қызметі құрылымдық бірліктері қызмет етеді, олардың қызметі ең алдымен тәуекелдерден қорғаудың үш аспектісі негізінде Қордың тәуекелдерді басқару жүйесін құруға бағытталған: 1) тәуекелдерді Қордың құрылымдық бөлімшелерімен басқару; 2) тәуекелдерді Қордың тәуелсіз тәуекел-менеджер құрылымдық бірлігімен басқару (Қордың Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін); 3) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін Қордың Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін ішкі аудит қызметімен тексеру.

Тәуекелдерді басқару шараларын тиімді орындау мақсатында Қордың Директорлар кеңесіне қарасты Тәуекелдерді басқару комитеті қызмет етеді. Тәуекелдерді басқару комитетінің Төрағасы Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып табылады. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесінің тәуекелдерді басқару комитетіне төрағалық етуі Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару жүйесінің нақты жағдайы туралы хабардар болуына септігін тигізеді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласында Қор басшылығының жедел әрекет етуін қамтамасыз етеді. 2015 жылы Тәуекелдерді басқару комитетінің үш мәжілісі болып өтті, мұнда тәуекелдерді басқару бойынша есептер қарастырылды, олардың қорытындысы бойынша тәуекелдерді басқару бойынша Қордың Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындалды. Қордың Директорлар кеңесі, өз кезегінде, басқарушылық шешімдер қабылдау барысында Қордың қаржылық және басқа да тәуекелдерге тап болатынын, сондай-ақ, Қордың Тәуекелдерді басқару комитетінің ұсыныстарын да ескереді.

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ

2006 жылдың 7 шілдесінде «Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріне салынған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес Қордың миссиясы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге атсалысу, депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату кезінде салымшылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Сәйкесінше, Қордың миссиясын жүзеге асыруда қоғамды депозиттерді кепілдендіру туралы хабарландыру бойынша үздіксіз жұмыстар басқа да міндеттермен бірдей дәрежеге ие болады.

Бұл жұмыста Қор депозиттерге берілетін мемлекеттік кепілдік туралы қалың жұртшылықтың хабардар болу деңгейін арттыруға және ел халқының барлық топтары арасында Қордың мемлекеттік саясат агенті ретіндегі қызметін жағымды қабылдауына ұмтылады.

2015 жылы Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы халықты хабардар ету үшін әдеттегідей түрлі коммуникация арналарын, соның ішінде телеарналарды, радионы, баспасөздерді (республикалық және аймақтық басылымдарды), өзінің интернет ресурстарын, Facebook және Вконтакте әлеуметтік желілеріндегі аккаунттарды пайдаланды, соның ішінде «Интерфакс» баспасөз клубындағы БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз-конференциясы және танымал www.zakon.kz интернет-ресурсындағы онлайн-конференция да бар.

Есепті жылы түрлі БАҚ-да Қорды атап көрсете отырып 550 астам материалдар жарияланды, солардың ішінде 55% позитивті үндестікте және 45% – бейтарап үндестікте жарияланды. Бұған қоса аталған материалдардың жариялау арналары бойынша былайша бөлінгені байқалады: интернеттік БАҚ – 72%, баспа БАҚ – 20%, телеарналар – 8%, республикалық және жергілікті телеарналардағы кешкі және қорытынды жаңалықтардың желілерінде 32 ескерту. Қор туралы және Қазақстанның депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесі туралы жарияланған жалпы материалдардың 92% ақысыз негізде орналастырылды.

2015 ЖЫЛЫ ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖАРИЯЛАУЫ

- ▶ **Баспасөз беттерінде** – республикалық («Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Время», «Литер», «Айқын» және т.б.) және аймақтық (әрбір облыста мемлекеттік және орыс тілдеріндегі екі газетте) газеттерде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мақалалар және ақпараттық хабарлар.
- ▶ **Телеарналарда** – «Хабар» телеарнасында имидждік бейнероликтер (2015 ж. ақпан-наурыз), жалпы 2 айда 80 көрсетілім, 15 және 30 сек. тұратын ақпараттық бейнероликтерді, сонымен қатар 2 мин. созылатын вирустық бейнероликті дайындау бойынша «Movators» кәсіби студиясымен жұмыстар басталды.
- ▶ **Радиода** – республикалық «Автордио», «Қазақ радиосы», «Ретро-ФМ» радио толқындарында, жалпы алғанда 330 трансляция, аудиороликтер, Радио NS эфиріндегі сұхбат.
- ▶ **Полиграфиялық промо-өнімдер** – қатысушы банк бөлімшелері бойынша 120 мың салымшыға жадынама, 200 мың ақпараттық қағаздар, Қордың байланыс ақпараттары бар 1,7 млн. визитка және Қордың шұғыл байланыс желісі және интернет-ресурсының атауы бар 10 мың жарнамалық стикерлер таратылды.
- ▶ **Халыққа телефон арқылы кеңес беру** – Қордың 8- 8000- 80-10-20 «шұғыл байланыс желісіне» 5000 астам қоңырау келіп түсті.

2015 жылдың 4 тамызында Қор басшылығының және «БанкЦентр Кредит» АҚ («Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына қосымша кепілді өтем төлеу бойынша агент банк) Басқарма Төрағасы Владислав Лидің қатысуымен баспасөз-конференциясы өтті; баспасөз-конференциясына 30 астам БАҚ өкілдері қатысты.

Қор арнайы полиграфиялық өнімін – салымшылар үшін «Депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы Сіз не білу керексіз» жадынамасын, сондай-ақ, ақпараттық стикерлер мен үндеу хаттарды жүйелі түрде жасайды және салымшылар арасында тарату үшін ДКБЖ қатысушы банктеріне береді.

Депозиттерге кепілдік беру туралы Қор қызметкерлерінің кеңесін халық телефон арқылы «шұғыл желі» көмегімен де алады. Есепті 2015 жылы халықтан 5000 аса қоңыраулар келіп түскен. Қордың шұғыл желісіне қоңырау шалған салымшылар арасында сауалнама жүргізу нәтижесінде Қазақстанның әрбір аймағындағы барынша танымал және тиімді ақпарат каналдары анықталады, сонымен қоса халықты ақпараттандыруда Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі және Қор туралы көрсетілуі тиіс ең өзекті сұрақтар да анықталады.

2003 жылдан бері Қордың өзінің дербес интернет-ресурсы www.kdif.kz бар, мұнда депозиттерді кепілдендіру туралы өзекті ақпараттар жарияланған, соның ішінде депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізімі көрсетілген, заңнаманың толық топтамасы келтірілген, аудиттелген қаржылық есептілік жарияланған. Соңғы рет Қордың сайтына қайта әрлендіру 2009 жылы жүргізілді. 2016 жылы Қор интернет-ресурсты әрлендіру және пайдаланушылар интерфейсін жақсарту тұрғысында, дәлірек айтар болсақ, оның құрылымын оңтайландыру, әрленімін (дизайнын) сапалық тұрғыдан жақсарту, дәлірек айтар болсақ, слайд-шоу секілді және т.б. қызметтерді қосу арқылы жалпы қызмет ету қабілеттерін арттыру тұрғысынан жұмыстарды жүргізуді жоспарлап отыр.

2015 жылдың тамыз айының соңында Қор «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына 2015 жылдың 10 тамызынан 5 млн. теңге шеңберінде қосымша кепілді өтемді төлеу кезеңінің басталуы бойынша БАҚ өкілдері арасында баспасөз-конференциясын өткізді. Қор сонымен қоса қосымша кепілді өтем алуға құқығы бар банк салымшыларын төлемдердің тәртібі және механизмі туралы хабарландыру бойынша кешенді жұмыс жүргізді. Мәселен, «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» республикалық газеттерінде, сондай-ақ Қордың ресми интернет-ресурсында және «Facebook», «В Контакте» әлеуметтік желілеріндегі аккаунттарында қосымша кепілді өтемді төлеудің басталуы туралы тиісті ақпараттық мәліметтер жариялады. Бұған қоса, Қор «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына қосымша кепілді өтем төлемдері туралы ақпаратты тарату үшін барлық аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарын жұмылдыру туралы ҚР барлық облыстық әкімшіліктеріне, сонымен қоса «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясына өтініш білдірді. Аталған акция қосымша кепілді өтем төлеу тәртібі туралы банк салымшыларын хабарландыруда өте тиімді болып шықты. Тағы да, Қор жұмысшылары 2015 жылдың соңында қосымша кепілді өтем алу үшін агент банкке хабарласпаған салымшы-

ларға үнемі қоңырау соғып отырды. Нәтижесінде, есепті жылдың соңында (қосымша кепілді өтем төлеудің 5 айдан аз уақытында) «Валют-Транзит Банк» АҚ-да 700 мың теңгеден асатын депозиттері бар салымшылардың 80% банктегі өздерінің депозиттері бойынша кепілді өтем алды.

2015 жылдың қарашасында республикамыздың танымал www.zakon.kz ақпараттық веб-порталында Қор Төрағасымен онлайн-конференция өткізілді. Конференция барысында депозиттерге кепілдік беру жүйесі бойынша халықтан 100 түрлі сұрақтар келіп түсті. Қор қызметкерлері аталған сұрақтарға жедел және жан-жақты жауап беріп отырды. Аталған онлайн-конференцияның нәтижелерін жалпы алғанда 47 мың мәрте қаралған, соның ішінде 27 мыңға жуығы www.zakon.kz интернет-сайтының бірегей қолданушылары болып табылады.

2015 жылы Қор сонымен қатар Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілеріндегі дербес беттерін жандандыру бойынша көптеген жұмыстар атқарды. 2015 жылдың шілдесінен бастап Қор осы бағыт бойынша өз бетінше, ал 2015 жылдың қарашасынан бастап – EventicaBrandworks студиясымен бірлесе отырып жұмыс істей бастады. Есепті жылдың шілдесінен желтоқсанына дейін әлеуметтік желілердегі Қордың аккаунттарында шамамен 50 жарияланым дайындалған, соның ішінде 21 – жеткізуші студиямен бірлесе отырып. Барлық жарияланым мәтіні, көркемдігі және ақпаратпен қамтылуы тұрғысынан біртұтама контент болып табылады.

Қордың әлеуметтік желілердегі аккаунттарының мазмұны нақты құрылымдалған: 2015 ж. шілдесінде депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жұмысы туралы негізгі сұрақтарды қолайлы және түсінікті мазмұндайтын f.a.q. айдары іске қосылды «Барынша көп қойылатын сұрақтар». 2015 ж. тамызында ақпаратпен қамту форматы іске қосылды, әлеуметтік желілердегі аталған аккаунттарды әрі қарай дамыту жоспарлары дайындалды. Facebook желісіндегі Қор аккаунтының оқырмандары есепті жылы 4 есеге, яғни 71 жазылушыдан 284 жазылушыға дейін, көбейді.

Жалпы алғанда, 2015 жылы ҚДКБЖ ақпараттық-түсіндіру қызметін және оның негізгі бағыттарын айтарлықтай қайта қарастырды. Өткен жылмен салыстырғанда жаңартылған және барынша жетілдірілген 2015 ж. Тұжырымдама әзірленді, мұндағы шешуші параметрлер – халықтың қаржылық сауатын арттыру үшін ДКБЖ қатысушы банктерімен екіжақты әріптестік қарым-қатынастарды әрі қарай жақсарту, Қордың брендбүгін дайындау, қолданыстағы негізгі коммуникация арналарының тиімділігін қарастыру, осы бағыттың негізгі көрсеткіштерін дайындау және олардың орындалуын іске асыру, Қордың әлеуметтік желілерге ақпараттық қатысуын күшейту және жүйелендіру (дәлірек айтар болсақ, Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілеріндегі Қор аккаунтына жазылушылардың санын айтарлықтай көбейту).



ДЕПОЗИТТЕРДІ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ШТАБ-ПӘТЕРІ (IADI) БАЗЕЛЬ ҚАЛАСЫ, ШВЕЙЦАРИЯ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қор 2003 жылдан бастап Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қоғамдастығының (IADI), сондай-ақ оның екі аймақтық комитеттерінің – Азия-Тынық мұхиты және Еуразия аймақтық комитеттерінің, және Қауымдастықтың депозиттерге кепілдік берудің нақты саласына маманданған басқа да тұрақты комитеттерінің белсенді мүшесі болып табылады. Осы мүшелік шеңберінде Қор IADI жүргізетін көптеген шараларға және зерттеулерге белсене араласады.

IADI қазіргі таңда әлемнің 77 елінен депозиттерді сақтандыру бойынша 80 қатысушы ұйымды қамтиды.

2015 жылы Қор депозиттерге кепілдік беру бойынша жеке-леген ұйымдармен екіжақты ынтымақтастықты күшейту бойынша жұмыстар жүргізді.

Мәселен, 2015 жылдың наурызында Жапонияның депозиттерді сақтандыру корпорациясының Дөңгелек үстел кезінде Қор депозиттерді сақтандырудың осы шет елдік ұйымымен ынтымақтастық құру бойынша ниетін білдіретін Хаттарға қол қойды. Сонымен қоса, 2015 жылы мамырда Индонезияның депозиттерді сақтандыру корпорациясы өкілдерімен екі жақты кездесулер шеңберінде Қор қызметкерлері олардан депозиттерді сақтандырудың индонезиялық жүйесі сұрақтары бойынша кеңестер алды, атап айтар болсақ, ислам банктерінде орналастырылған депозиттерге кепілдік беру бойынша және Индонезияның депозиттерді сақтандыру корпорациясының жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі бойынша.

Бұдан басқа, 2015 жыл ішінде Қор өкілдері Қырғыз Республикасының депозиттерді қорғау бойынша Агенттігі ұйымдастырған онлайн-семинарға депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қызметтері мен өкілеттіктері, сондай-ақ, депозиттерді сақтандыруды ұйымының арнайы резервінің мақсатты мөлшері тақырыптары бойынша IADI Еуразиялық аймақтық комитетінің Төрағасы ретінде қатысты.

Есепті жыл барысында Қор Депозиттерге кепілдік беру жүйелерінің халықаралық Қауымдастығына қатысу шеңберінде көптеген IADI зерттеулеріне қатысты: Еуразиялық және Азия-Тынық мұхиты аймақтық комитеттерінің, сондай-ақ, бірқатар тұрақты комитеттердің және жұмыс топтарының жұмыстарына тартылды: Дерекқорлар және зерттеулер жүргізу Комитеті, Мүшелік және коммуникациялар Комитеті, Тренингтер және конференциялар бойынша Комитет, Зерттеулер және әдістемелер бойынша Комитет.

Қор 2015 жылғы IADI Жылдық сауалнамасына – 2015 ж. 1 қаңтардағы депозиттерге кепілдік беру жүйесін кешенді зерттеу, сонымен қатар Зерттеулер және әдістемелер Комитетінің, қаржы кооперативтерінің дәрменсіздігін реттеу бойынша сауалнамаға жауаптар дайындады. Бұдан басқа, Қор өз бетінше екі сауалнама жүргізді, мұнда тиісті саладағы халықаралық тәжірибені зерттеу мақсатында IADI барлық мүшелері қатысты: 1) әр елдердегі кепілдік берілетін депозиттер бойынша ең жоғарғы сыйақы мөл-

шерлемелерін анықтау бойынша; 2) түрлі юрисдикциялардағы заңды тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру бойынша. Аталған сұрақтарға берілген IADI мүшелерінің жауаптарының нәтижелері бойынша өз қызметінің тиісті салаларын дамыту үшін қысқаша қорытынды талдау есептерін және ұсыныстар дайындады.

IADI негізгі принциптерін жаңарту бойынша Басқарушы комитетіне қатысу шеңберінде Қор жаңартылған депозиттерді сақтандыру ұйымдарының қызметінің IADI негізгі принциптерінің жаңа редакциясына сәйкес келуін бағалау бойынша Әдістемелік нұсқаулығының мәтінін талдауға қатысты.

2016 жылдың наурызынан бастап Қор өз қызметінің негізгі принциптердің жаңа редакциясына сәйкес келуін бағалауды өз бетінше жүргізуді немесе жаңартылған әдістемесіне сәйкес Ұлттық Банкпен бірлесе отырып жүргізуді жоспарлап отыр.

2015 жылдың қазан айында IADI-дың Жылдық жиналысында Селекциялық комитеті 2015 жылғы Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының жұмысының нәтижелері бойынша оның жетістіктерін атап өтті.

«Салымшыларға кепілді өтемді төлеу және проблемалы банктердің дәрменсіздігін реттеу саласындағы жетістіктері үшін» номинациясы бойынша Қорға мәртебелі халықаралық «2015 жылғы үздік депозиттерге кепілдік беруші ұйым» марапатын ұсынды. Салымшылармен есептесуді ұйымдастыру тұрғысындағы үрдістердің тиімділігі, өтемді төлеуді реттейтін заңнаманың жетілгендігі, кепілді өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі секілді көрсеткіштер, сондай-ақ, салымшы жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін банктің дәрменсіздігін реттеу үрдістеріндегі депозиттерге кепілдік беру Қорының өкілеттіктері жоғары бағаға ие болды.

Халықаралық сарапшылардың ең жоғарғы деңгейде баға беруі депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамыту бойынша Қор және Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмысы дұрыс бағытта өрбіп келетінін білдіреді. Қор депозиттерге кепілдік берудің үздік әлемдік тәжірибелерін үнемі зерттеп отырады және өз жұмысында қаржылық тұрақтылық және банктердің салымшыларының мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейі үшін барынша тиімді әдістерге икемделеді.

2015 жылы Қор техникалық көмек және кеңестер тарту шеңберінде банктердің қаржылық дәрменсіздігін алдынала реттеу, оларды мәжбүрлеп тарату және тарату өндірісі бойынша қызметтерді және өкілеттіктерді Ұлттық Банкінен Қорға беру бойынша әлеуетті күшейту үшін Азия даму банкімен жұмыс жасады.

2016 жылы Қор өзара ынтымақтастық туралы тиісті меморандумдар жасасу, екі жақты тренингтер, кездесулер өткізу және т.б. шаралар арқылы басқа елдердің депозиттерге кепілдік беру ұйымдарымен екіжақты әріптестікті күшейтуді жоспарлап отыр.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Deloitte» ЖШС аудиторлық компаниясы 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есепті және осы күні аяқталған жыл іші пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы, ақша қаражатының қозғалысы туралы және капиталдағы өзгерістер туралы тиісті есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары мен басқа да түсіндірме ақпаратты қамтитын «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның қаржылық есептілігіне аудит жүргізді.

ПІКІР

«Deloitte» ЖШС аудиторлық компаниясының пікірінше, қаржылық есептілік «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ, сол күні аяқталған жыл іші оның қызметінің қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсетеді.

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(қазақстандық мың теңгеде)

	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 1 қаңтар *Қайта есептелді
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	79,576,372	5,875,525	19,056,356
Сатуға арналған бағалы қағаздар	441,760,269	408,051,433	316,513,093
Дебиторлық берешек	2,013,221	2,779,554	2,334,226
Өзге активтер	812,766	197,431	173,139
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	524,162,628	416,903,943	338,076,814
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ:			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Өзге міндеттемелер	1,080,881	2,341,952	164,921
Міндеттемелер жиыны	1,080,881	2,341,952	164,921
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	194,871,600	177,156,000	161,051,000
Сатуға арналған бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша (тапшылық)/қор	(19,511,201)	1,258,172	(340,164)
Резервтік капитал	1,771,560	1,610,510	1,464,100
Арнайы өтеу резерві	270,056,516	215,394,855	172,420,488
Бөлінбеген пайда	75,893,272	19,142,454	3,316,469
Капитал жиыны	523,081,747	414,561,991	337,911,893
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	524,162,628	416,903,943	338,076,814

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

ПАЙДА МЕН ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

(қазақстандық мың теңгеде)

	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2014 жылғы 31 желтоқ- санда аяқталған жыл *Қайта есептелді
Пайыздық кірістер	21,800,421	16,358,978
Қатысушы банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының түсімдерінен таза кіріс	25,180,257	31,304,307
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза пайда	65,386,307	11,692,442
Өзге (шығыстар)/кірістер	(79,339)	1,065
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР	90,487,225	42,997,814
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР	(576,483)	(405,606)
САЛЫҚ САЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА	111,711,163	58,951,186
Табыс салығы бойынша (шығыс)/үнемдеу	(137,634)	832
ТАЗА ПАЙДА	111,573,529	58,952,018
Қатысушы банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының түсімдерінен таза кірісті арнайы өтеу резервіне міндетті үлестіру	(25,180,257)	(31,304,307)
МІНДЕТТІ ҮЛЕСТІРУДЕН КЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙДА	86,393,272	27,647,711
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС		
Кейіннен пайда немесе шығындар құрамында қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Сатуға арналған бағалы қағаздардың әділ құнын қайта бағалау бойынша таза (шығын)/кіріс, салықтан кейін	(20,769,373)	1,598,336
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ (ШЫҒЫН)/КІРІС	(20,769,373)	1,598,336
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ	65,623,899	29,246,047

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

(қазақстандық мың теңгеде)

	Жарғылық капитал	Сатуға арналған бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша (тапшылық)/ қор	Резервтік капитал	Арнайы өтеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2013 жылғы 31 желтоқсан	161,051,000	(340,164)	1,464,100	172,420,488	3,311,213	337,906,637
Таза пайда	-	-	-	-	27,647,711	27,647,711
Өзге жиынтық кіріс	-	1,598,336	-	-	-	1,598,336
Жай акцияларды шығару	16,105,000	-	-	-	-	16,105,000
Резервтік капиталға көшіру	-	-	146,410	-	(146,410)	-
Арнайы өтеу резервін құру	-	-	-	11,670,060	(11,670,060)	-
Қатысушы банктердің жарналарынан түскен таза пайданы міндетті үлестіру	-	-	-	31,305,232	-	31,305,232
Таратылатын банктердің салымшыларына төлемдер	-	-	-	(925)	-	(925)
2014 жылғы 31 желтоқсан	177,156,000	1,258,172	1,610,510	215,394,855	19,142,454	414,561,991
Таза пайда	-	-	-	-	86,393,272	86,393,272
Өзге жиынтық шығын	-	(20,769,373)	-	-	-	(20,769,373)
Жай акцияларды шығару	17,715,600	-	-	-	-	17,715,600
Резервтік капиталға көшіру	-	-	161,050	-	(161,050)	-
Арнайы өтеу резервін құру	-	-	-	29,481,404	(29,481,404)	-
Қатысушы банктердің жарналарынан түскен таза кірісті міндетті үлестіру	-	-	-	29,445,727	-	29,445,727
«Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына төлемдер	-	-	-	(4,265,470)	-	(4,265,470)
2015 жылғы 31 желтоқсан	194,871,600	(19,511,201)	1,771,560	270,056,516	75,893,272	523,081,747

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(қазақстандық мың теңгеде)

	2015 жылғы 31 жел- тоқсанда аяқталған жыл	2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл *Қайта есептелді
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Міндетті күнтізбелік жарналардан түсім	28,176,449	32,077,269
Тарату комиссиясынан түсім	140,000	920,000
Орналасырылған салымдар бойынша түскен сыйақы	1,214,568	37,895
Сатуға арналған бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы	17,970,109	15,035,282
«Кері РЕПО» операциялары бойынша алынған сыйақы	404,121	135,893
Өзге түсімдер	9,778	38,178
Жеткізушілерге тауарлар мен қымметтер үшін төлемдер	(157,486)	(103,058)
Іссапар шығыстары бойынша төлемдер	(5,887)	(8,976)
Жалақы бойынша төлемдер	(280,652)	(178,812)
Төленген табыс салығы	–	(28,428)
Өзге салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	(93,745)	(63,893)
Таратылатын банктің депозиттері бойынша өтеу	(3,656,717)	(925)
Өзге төлемдер	(614,684)	(27,513)
Операциялық қызметтен таза ақша қаражатының келуі	43,105,854	47,832,912
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Сатуға арналған бағалы қағаздарды өтеуден түсімдер	100,498,466	96,073,210
Сатуға арналған бағалы қағаздарды сатып алу	(88,670,143)	(173,178,419)
Негізгі құралдарды сатып алу	(23,434)	(3,842)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(2,575)	(10,561)
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза келуі/(кетуі)	11,802,314	(77,119,612)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Жай акцияларды шығару	17,715,600	16,105,000
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза келуі	17,715,600	16,105,000
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ/(КЕМУІ)	72,623,768	(13,181,700)
Шетел валютасы бағамының өзгеруінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері	1,077,079	869
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	5,875,525	19,056,356
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында	79,576,372	5,875,525

KDIF

КАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ